



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň
MATERIALDARY

I KITAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА
**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00
Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019
©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫ: БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ БІР БАҒЫТЫ

Кенжеғалиева Сауле Капсултановна,
Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін
мектебінің физика пәнінің мұғалімі
мектеп мұражайының жетекшісі
Арқалық қаласы

Аннотация

Бұл мақалада "Рухани жаңғыру" басым ойлары негізінде заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдана білу, білім мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мектеп мұражайы жұмысы туралы мәселелер қарастырылады.

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы использования инновационных технологий и методики в современном образовании, работа школьного музея по организации образования и воспитания на основе идей «Духовного Возрождения».

Abstrakt

This article discusses the use of innovative technologies and methods in modern education, the work of the school museum on the organization of education and upbringing based on the ideas of "Spiritual Revival."

Түйінді сөздер: *рухани жаңғыру, әдіс-тәсілдер, инновация, заманауи білім мен тәрбие беру, мектеп мұражайы*

Ключевые слова: *духовное обновление, методы, инновации, современное образование и воспитание, школьный музей*

Keywords: *spiritual renewal, methods, innovations, modern education and upbringing, school museum*

Қазіргі таңдағы әрбір ұстаздың, оқушының іс-әрекеті ерекше шығармашылық сипатта болуы керек. Бағдарламаның мақсаты- оқушылар өздерінің қалай оқу керектігіне назар аудара отырып, олардың өз ойлары мен дәлелдемелерін нақты жеткізе алатын, яғни ойға жүйрік, тілге шешен, әрі жазбаша түрде еркін, көркем бейнелеп жазуға төселген, бірнеше тілді қатар меңгерген бәсекеге қабілетті жан-жақты жетілген жеке тұлға қалыптастыру болып табылады. Әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттердің бірі- білім мен тәрбие беруде әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру. Жаңартылған білім бағдарламасы оқушылардың өзін еркін ұстауға, ойлануға мүмкіндік алады. Бұндай тұлға болашаққа сенімді, ынталы, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, қазіргі сандық технологияларды, өмірде өз білімін қалыптан тыс жағдайда да еркін әрі терең пайдалана білетін жан болуы тиіс. Әлеуметтік - сындарлық тұрғыдан оқытуды түсіну /Выготский/ мұғалімдерге арналған нұсқаулықта айтылғандай "Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер" негізінде жатыр. Соның ішінде топтық жұмыс оқушыларға бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігін тудырады, ұйымшылдыққа тәрбиелейді бірін-бірі оқытуға, бірінен-бірі үйренуге жағдай жасайды [2].

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" тақырыбындағы мақаласы Елбасының Қазақстан халқына 2017 жылғы Жолдауының заңды жалғасы іспетті. Бұл мақала бүкіл ел мәдениетінің тарихын, рухани мәдениеттің тарихын әлемге танытудың алғы шарты. Ұлттық болмыстың өзі біздің ежелден келе жатқан қазақы салт-дәстүрлерімізден, мәдениетімізден, барлық рухани құндылықтарымыздан бастау алады десек, мына өзгермелі дүниеде сол құндылықтарымызды заманға сай одан әрі байытып, дамытып, оны бүгінгі ұрпақтың санасы мен тұрмысына сіңіру арқылы жаңа ғасырдың жаңа ұрпағын қалыптастыруға, тәрбиелеуге болады болады. Мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр

биігіне көтеретін рухани жаңғыру, ұлт санасын жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. латын әліпбиіне көшу-Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, "Туған жер" бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ. "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әр елдегі инфрақұрылымдарды дамытуға мүмкіндік береді. "Рухани Қазына" ішкі бағдарламасының мақсаты - Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын және заманауи мәдениетінің үздік жетістіктерін сақтау, қайта жаңғырту. Ақпарат және коммуникация "Ақпарт толқыны" ішкі бағдарламасының мақсаты - "Рухани жаңғырудың" негізгі идеологиясын дұрыс қабылдауына ықпал ету. Тәуелсіздікке дейін және кейін жеткен жетістіктеріміз мақтан тұтарлық. Сол себепті "Цифрлы Қазақстан", "Үш тілде білім беру", "Мәдени және конфессияаралық келісім" сияқты бағдарламалар- ұлттың қуанышты ғұмырын баянды ету үшін көптеген дамыған елдердің озық ойлы технологиялары мен әдістерін меңгере отырып, өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтау сияқты қажеттігі әрдайым ойымызда тұруға тиіс. Қазір "Туған жер" бағдарламасы барысында сан алуан жұмыстар жоспарланып, жас буынға өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға мән беруді, тарихи-мәдени ескерткіштерді, мұражайларды қалпына келтіру жұмыстарына де белсене араласып кетті. Соның бірі мектеп мұражайы. Білім беру мен тәрбие жұмысында мекемелеріндегі мектеп мұражайлары елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу орталығы. Барлық халықтар үшін де "тарихи естелік кітабы" болып, оқу-тәрбие жұмысында маңызды орын алады. Бұл туристік өлкетану жұмысына тікелей қатысты. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, білім, ғылымға маңыз беруі- үлкен көрегендікпен, ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» -қазақстандық рухани құндылықтың жандануына бағытталған бағдарлама. Адамзат баласының қазіргі таңдағы тарихи қызығушылығы артқан жағдайда мұражай үлесіне үлкен міндеттер жүктеліп отырғаны бізді қуантады. Мектеп мұражайы оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысының орталығы. Осы орайда өзім еңбек ететін мектеп мұражайының негізгі мақсаты: Рухани жаңғыру арқылы өткеннен қалған зор тарихи-мәдени құндылықтарды бүгінгі және болашақты жалғастырушы жас ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзіне айналдыру, оқушыларды елжандылыққа, азаматтыққа тәрбиелеу. Мұражайдың жұмыс жоспары белгілі бір бағыттар соның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарына құжаттар дайындауға, өмірі өнеге болған мектеп басшылары, білім нәрін себуші ұлағатты ұстаздар, мектеп мақтаныштары туралы мәліметтер жинау. Осы smart мақсатты жоспарды жүзеге асыруда заманауи білім берудің бағыттарына, әдіс-тәсілдеріне жүгінуге тура келеді. Мектеп мұражайы мүшелерінен шағын "Ізденушілер" тобын құрдық. Топқа 15 дарынды оқушы тартылды. Мұражай мүшелерімен, яғни дарынды оқушылармен біріге отырып қандай іс-шараларды өткізу, оны жүзеге асыруда қай оқушыға қандай бағытта ғылыми-шығармашылық тапсырмалар беру, оның нәтижесін қалай көру керектігі мұражай отырысында талданып, бағыттары белгіленді. Материалдар жинау барысында: ашық, жабық сұрақтар, диалог жүргізу, АКТ-ы қолдану, интернет материалдарын алу, желілік қоғамдастық құру, жас ерекшеліктеріне, шындық, жалған екеніне көз жеткізу. Мектеп мұражайын "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде мұражайымызда қайта жаңғырту жұмыстарын жүргіздік [1]. Топ мүшелеріне: 1. Мектеп тарихынан сыр шертеміз. 2. Бала Қанаштан- шығыс жұлдызы Шоқанға дейін. 3. Сан қырлы дарын иесі 3. Ұлы Шоқан ізі ұрпаққа үлгі. 4. Шоқантанушылар. 5. Тұлғаның өмірлік тәлімі. 6. Өмірі өнеге болған мектеп басшылары және ұстаздар. 7. Мектеп мерейін асырған түлектер тақырыптары бөлініп берілді. Ғылыми зерттеу нәтижелері диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің

өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың білім алуының ажырамас бөлшегі болып табылады және әңгімелесудің үш түрі бар, олар: Әңгіме-дебат барысында; Топтық әңгіме барысында; Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде байқалды. Мұражай ішіндегі құжаттарды қайта жаңғыртуда мұражай мүшелерінің арасында «Диалогті оқыту» арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық деңгейін көтеру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жүзеге асырылды. Балаға күштеп тапсырма беруден гөрі, баланың іздемпаздыққа деген құштарлығын ояту маңызды. Мақсат шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді өтуіне жұмыс жасап, белсенді әдістері, диалогтік оқыту және оқу әдісін қолдануда оқушының іздемпаздығын арттыруға көп көмегін тигізеді деп ойлаймын. Мұражай мүшелері диалог әдісін қолдана отырып, жоспарлы жұмыстарды бірлесіп құру, талқылау, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырды. Әр оқушыларға сұрақтар қою арқылы, берілген тақырып бойынша өз ойларын ашық, еркін айтуға мүмкіндік бердім. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетсе, сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Бұл оқушылардың қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Біз көбінесе диалогтік оқытуды сұрақ – жауап ретінде қолданамыз. Яғни, бала теорияны меңгерумен қатар тәжірибе жүзінде де қалай жасау қажеттігін ұғынуы керек. Тәжірибелік жұмыс жасау барысында көптеген сұрақтар туындайды [3]. Оқушылар өзара пікірлер мен болжамдар айта отырып, бірлесе жұмыс жасайды. Жұмыс жасау барысында оқушыларға көптеген сұрақтарды қоюға болады. Мысалы, кез келген жоспарлы жүйенің басталуы сұрақ - жауаптан тұрады. Сұрақтардың берілуіне байланысты оқушының ізденуге, зерттеуге, шығармашылыққа деген қызығушылығын арттыруға болады. Оқушы мен мұражай жетекшісінің арасында жақсы қарым-қатынас орнайды. Диалогтік оқыту оқушы мен оқушы арасында да туындауы мүмкін. Мұнда оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды. Бір-бірінің жауабына қанағаттанбаса, қосымша да сұрақтар беруі мүмкін. Оқу процесінде қолдануға тиімді ойындардың маңызды түрлерінің бірі: 1. Рөлдік ойындар. 2. Іскерлік ойындар. 3. Имитациялық ойындар. Рөлдік ойындар – тиімді интербелсенді әдістердің бірі. Педагогика саласында зерттеу жүргізетін оқушылардың көпшілігі оқу/оқытудың ойын әдістердің кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептеледі. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның тиімді тәсілі екендігі баршаға аян; адамның жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар оқушылардың өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді. «Ойын» сөзі сабақта инсценировканың орын алып, әрекеттердің спектакль түрінде көрсетілетіндігін меңзейді. Оны Шоқан Уәлихановтың туған күні қарсаңында өтілетін іс-шара кезінде Шоқанның Семенов Тянь-Шанскиймен кездесуін рольдерде ойнай отырып мұражай мүшелері тамаша етіп көрсетті. Іскерлік оқу ойындарында қандайда бір сценарий ауқымында рөлдерді өзара бөлісіп зерттеу жұмыстарын жүргізу және деректерді талдау арқылы нақты практикалық мәселелерді бірлесе отырып шешеді. Оқу ойындарының сценарийлері тақырып ауқымында болып, күрделі мәселелерді ойын тұрғысынан «ойнап» шешуге бағытталатындығын мұражай мүшелерінің сценарийлер жазу барысында байқауға болады. Имитациялық ойындар дегеніміз адамдардың қалыптан тыс /экстремалды/ жағдайлардағы әрекеттерін анықтайтын өмір сүру ортасынан үлгісін /модель/ құру. «Алдын ала берілген тапсырмалар» – шығармашылық жұмыс барысында жаңа тақырып бойынша бірнеше атау /терминдер/ жазып қойып, олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлануы керек. Бұл жұмысты оқушылар жеке, жұппен немесе шағын топ ішінде алған материалдары негізінде ауызша яки, жазбаша /соңғысы тиімдірек/ орындай білді. Содан кейін бірнеше оқушының ойы мен пікірі тыңдалды. «Үш қадамды сұхбат» - тақырып бойынша оқушылардың бір-

бірінен кезектесіп интервью алу тәсілі. Бұл тәсіл «Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою» тәсіліне ұқсас, алайда мұнда басты назарды жауапқа аудару керек. Педагогикалық қызметідегі басты мақсатым- мектеп мұражаймен жүргізілетін жұмыстарда оқу-тәрбие ісінде жаңа педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану [3]. Соның тағы бір түрі ақпаратты коммуникациялық технологияның түрі сандық жүйеге көшу- интернет. Интернет іздену жұмыстарын жеңілдетіп, жинақталған материалдарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сұраныс бойынша ақпараттар алу, тапсырмаларды орындау, жобалар дайындау, авторлардың шығармашылығымен танысу, талдау, басқа мұражайлармен қарым-қатынаста болу, аудио-видео материалдарын тыңдау. Оқушылардың танымдық қызығушылығын ояту, шығармашылық белсенділігін өз бетінше арттыру жолында ағылшын тілінің де ролі ерекше. Мектеп мұражайына саяхатқа келген қонақтарға материалдарды үш тілде де таныстырып отырамыз. Өз тәжірибемізде жинақталған материалдарын теориялық білімде жинақтап, практикалық бөлімге ауыстыра аламыз. Соның бірін мектебімізде "Ұлы Шоқан ізі-ұрпаққа үлгі" тақырыбындағы өткен қала, ауыл мектеп оқушыларының қалалық ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру кезінде қолдандым. Тікелей ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын: компьютерлік технология; мультимедиа технологиясы; қашықтықтан оқыту технологиясы; желілік технология; Интернет технология; Интерактивтік технология деп аталатын түрлерін Білім берудегі инновациялық технологиялар тобына жатқызамыз [4]. Қоғамның даму қозғалысы мен оның қазіргі заманғы сипаты педагогтар мен білім беру саласындағы барлық мамандар алдына жаңа міндеттер мен мақсаттарды қояды. Қазіргі кездегі ақпараттық қоғам білім беру орындарының алдына: - Өз бетінше керекті білімін ала алатын және оны практика жүзінде қолдана алатын; - Өз бетінше сынмен ойлауға, нақты жағдайда туындайтын мәселелерді көре білетін және оларды шешу жолдарын іздей алатын; - Ақпаратпен сауатты жұмыс істеуге қабілетті; - Әр түрлі әлеуметтік топтарда, ұжымда жұмыс істей алатын; - Өзінің өз бетінше ой - өрісін, мәдени деңгейін дамыта алатын қабілетті мамандарды тәрбиелеуді талап етеді. «Даналыққа біз үш түрлі жолмен жетеміз, ең ізгі жол - санамен саралау, ең оңай жол – еліктеу, ең қиын жол - тәжірибеден тәлім алу» (Конфуций) [9]. Егеменді еліміздің болашақ тұлғасын тәрбиелеу мен білім беру жолында - жаңашылдыққа жаны құмар, ізденімпаз, бәсекеге қабілетті, дені сау оқушының бейнесін жасауға өз үлесімізді, жетілдірген білімімізді іс - тәжірибе арқылы оқушыларға үйретуге бар күш жігерімізді салуға тырысып жүрміз. Жаңаша форматтағы іс-шараларды өткізу арқылы оқушылардың шығармашылыққа деген қызығушылықтарын одан әрі дамыту, үйрете отырып, үйренуге дағдылану; бағыт-бағдар беруде түрлі амал-тәсілдерді қолдана білетін деңгейге жету; мұғалім – оқушы - ата-ана арасындағы қарым-қатынастың ынтымақтастығын құра алатындай жағдайға жету - бұл біздің негізгі мақсатымыз. Оқу білім - бұлағы, Білім - өмір шырағы, - дегендей, білім - мінсіз тұлға қалыптастырудың бірден — бір факторы болып табылады. Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман - деп біздің елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай. Сондықтан да әр маман иесі өз білімін жетілдіріп, бәсекеге қабілетті, жан-жақты, үнемі ізденіс үстінде болуға тиіс. Бүгінгі таңда әрбір жаңашыл ұстаз үшін, оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау әдісі кез келген стратегияларға құнды, әрі бағалы. Бұл стратегиялар оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, ұстаздың тығырыққа тірелетін сәттерінен арылтады. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, білемін, үйренгім келеді, білгім келеді, пікірталас, болжау, топтастыру, т.б стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз [5]. Мұражай жұмыстарын жүргізуде оқушылар өзара достық қатынаста болады, бір-бірінен сұрай отырып білімдерін жетілдіреді. Өзгелердің ойын жеткізу үшін өз шешімін дәлелдеп үйренеді, мектеп мұражайына деген көзқарасы өзгереді, қызығушылығы артады. Уақыттарын ұтымды және қызықты етіп өткізеді.

Тапсырылған жұмысты білімімен, тиянақтылығымен, жауапкершілігімен орындайды [7]. Мектеп мұражайында жинақталған құнды материалдардан ғылыми жұмыстар қорғауға болады. Соның бірі Арқалық қаласы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі ұйымдастырған "Рухани жаңғыру" аясындағы "Рухани қазына" кіші бағдарламасы шеңберінде "Мақтанышым- туған өлке" атты туған өлкенің тарихы мен мәдениетін зерттеу бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушыларының ғылыми -зерттеу жұмыстарының қалалық байқауына мұражай президенті 11А сынып оқушысы Жүніс Бек-Әбіл "Ұлы Шоқан ізі-ұрпаққа үлгі тақырыбында" ғылыми-зерттеу жұмыс қорғап, бірінші орынды жеңіп алды. Біздің мұражайға келуші қонақтар, мектеп оқушылары мен студент жастар өте көп. Әсіресе ғылыми жұмыстар, тәрбие сағаттарын, шебер сыныптарын, сабақтарын өткізуде ұйымдастыру орталығы деп айтуға болады. Бұл заманауи білім мен тәрбиенің егіз екенін көрсетеді. Мектеп мұражайы кешегі мен бүгінгіні сабақтастырып, болашақты жалғастыруда шешуші түйіні болып табылады. Оны қайта жаңғыртуда оқушылардың заманауи білім беруді тәрбие жұмысымен байланыстыруы маңызды рол атқарады [11].

Қорытындылай келе, «Рухани жаңғыру» басым ойлары негізінде заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдана білу, білім мен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі бағыттарының бірі екендігіне толық негіз бар дегім келеді.



Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Қостанай таңы газеті. 2017ж. 14 сәуір №39 (18542).
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Алматы. 01.03.2016ж
3. Білім технологиялары. Республикалық ғылыми - әдістемелік педагогикалық басылым. Алматы.2018ж №3
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық /Назарбаев Зияткерлік мектептері 2018.
5. Тәжірибедегі рефлексия жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы. Тренерге арналған нұсқаулық 2016.
6. Мұхтарұлы С. Шоқан және өнер.- Алматы. 2000.
7. Самопознание.kz. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал №11.11. 2010. 8-9 б
8. Тоғысбаев Б. Сужикова А. Тарихи тұлғалар. –Алматы, 2006. - 103-105 б
9. Кумеков Б.Е, Настич В.Н, Шуховцев В.К Ч.Валиханов. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы. 1985. -79 б.

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....	3
Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....	6
Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....	10
Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....	13

СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....	16
Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....	19
Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....	22
Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....	25
Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....	28
Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....	30
Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....	35
Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....	40
Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	43
Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....	46
Бейбиткызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....	50
Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....	53
Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....	58

<i>Берденова А. С., «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....</i>	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т., «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....</i>	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А., Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру»</i>	67
<i>Даумова Б. Б., К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру»</i>	70
<i>Должикова И. И., The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....</i>	75
<i>Досмухамедова Р. К., Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....</i>	78
<i>Жанабаева А. Т., Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....</i>	82
<i>Жургумбаева А. А., Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі</i>	85
<i>Журкубаева Г. Т., Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....</i>	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В., Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	91
<i>Исетова Б. К., «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....</i>	95
<i>Ишмухамбетова Б. М., Применение многоязычия в современной образовательной системе.....</i>	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А., Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....</i>	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д., Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....</i>	110
<i>Караичев Д. И., Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб.</i>	113
<i>Кенжегалиева С. К., Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....</i>	117
<i>Кожубаева А. Ж., История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....</i>	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т., Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....</i>	126
<i>Көшегалина А. М., Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....</i>	128
<i>Қайырбек А. К., Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....</i>	132
<i>Леванова Т. А., Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....</i>	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г., Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....</i>	138
<i>Миничкина С. Б., Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....</i>	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д., Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....</i>	144